



**«Арқалық қаласындағы облыстық
№ 2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ
Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі**

Жанымен ұққан өнердің күдіретін

**қоғам қайраткері,
сазгер, күйші Кәки
Ақан Шәріпұлының
туғанына 90 жыл
(1935 – 2024)**



(библиографиялық жаднама)

Арқалық, 2025 жыл

*«Арқалық қаласындағы облыстық
№ 2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ
Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі*

Жанымен ұққан өнердің күдіретін

/қоғам қайраткері, сазгер, күйші Кәки Ақан Шәріпұлының

туғанына 90 жыл/

(библиографиялық жаднама)

ӘОЖ 7(574)(092)

ҚБЖ 85.33

Ж 26

Құрастырушы: М.Г.Жумағалиева

Шығарылымға жауапты: Ж.К.Абжанова

Мұқабаны безендірген: М.Г.Жумағалиева

Редактор: С.А.Алматова

«Жанымен ұққан өнердің құдіретін» [Мәтін] : [қоғам қайраткері, сазгер, күйші Кәки Ақан Шәріпұлының туғанына 90 жыл толуына орай әзірленген]: библиографиялық жаднама /Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы, Ақпараттық библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі; [құраст.: М.Г.Жумағалиева; шығарылымға жауапты: Ж.К. Абжанова; ред.: С.А. Алматова]. – Арқалық : [б.б.], 2025. – 20 б. – Сурет. – Қазақ тілінде.

Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі дайындаған библиографиялық жаднамада белгілі қоғам қайраткерінің өмірі мен шығармашылығы жайында мағлұматтар берілген. Бұл жаднама жалпы кітап сүйер қауымға және мұғалімдер мен студенттерге арналған.

ӘОЖ 7(574)(092)

ҚБЖ 85.33

© М.Г.Жумағалиева

Құрастырушыдан

Қасиет қонып, құт дарыған біздің өңірімізден ісімен еліне қадірі артқан талай дарынды тұлғалар шыққан. Солардың бірі де бірегейі, Торғай өңіріне белгілі қоғам қайраткері, сазгер, күйші, өңіріміздің құрметті азаматы Кәки Ақан Шәріпұлы. Өмір жолында сан салада жауапты қызметтер атқара жүріп, өнерден қол үзбеген тума талант бірнеше дүркін облыстық байқаулардың лауреаты, дипломанты, Арқалық қаласының «Құрметті азаматы».

Елі қадірлеп, құрмет тұтқан абыз ақсақалымыз 2024 жылы дүниеден озды.

Биыл ел ағасы атанған сыйлы қария Кәки Ақан Шәріпұлының туғанына 90 жыл толуына орай Арқалық қаласындағы облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасының ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі «Жанымен ұққан өнердің құдіретін» атты библиографиялық жаднаманы шығарып, оқырмандар назарына ұсынып отыр.

Шағын жаднамаға қоғам қайраткерінің өмірі мен шығармашылығы, замандастарының ел ағасы жайлы пікірлері, естелік суреттері мен ол жайлы арнаулар, баспа беттеріндегі мақалалар енгізілген.



Азамат аға

Кәки Шәріпұлы 12 тамыз 1935 жылы Аманкелді (Батпаққара) ауданында өмірге келген. Әкесі Шәріп ағамыз өмірге келер алдында үш ай бұрын өмірден озған. Жаңа туған жас нәрестені анасы аялап, алақанына салып өсіріп қатарға қосқан. Ағаның туған жылы кешегі қуғын-сүргін, одан кейінгі соғыс жылдарына сәйкес келіп, таршылықтың, жоқшылықтың дәмін тартуға тура келді. Балалық бал-дәурені қиыншылықпен өтті. Алайда осының барлығы оның тез есеюіне, алды-артын ойлап өсуіне себебін тигізді.

1943 жылы Аманкелді орта мектебінің табалдырығын аттап, оны 1953 жылы бітіріп шығады. Оқуды одан әрі жалғастыруға мүмкіндігі болмағандықтан, өзі бітірген мектебіне: пионер ұйымының жетекшілігіне жұмысқа қабылданады. Мектеп басшылығы оның мектептегі белсенділігін, жақсы оқығанын, тәрбиелілігін еске алады. Осылай басталған еңбек жолы бірте-бірте жоғарылай бастайды. Ол өнерпаз бала болатын. Сондықтан оны аудандық Мәдениет үйінің көркемдік жетекшілігіне ауыстырады. Бұл оған көрсетілген үлкен сенім еді. Осы жұмысты атқара жүріп, ол Қостанай қаласынан алты айлық баянистер курсын аяқтайды. Сөйтіп, сауатты музыкант болып шығады. Жастар арасындағы мәдени жұмыстардың жандана түсуіне қосқан үлесінің арқасында мәдениет үйіндегі ән, би, домбыра үйірмелерінің жұмысы айтарлықтай алға басады. Кәки Шәріпұлының іскерлігін, сауаттылығын байқаған аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Мансұр Шәкіржанов оны өз қарауына нұсқаушылыққа, кейін сектор меңгерушілігіне бекітеді. Бұл жұмысты ол 1962 жылға дейін атқарады. Осы жылы ол партия қатарына қабылданып, әрі партия комитетіне нұсқаушылыққа бекітіледі. Партия саласында осылай басталған жұмысы компартия таратылған 90-жылдардың басына дейін жемісті жалғасқан-ды. Бұл екі арада ол сектор меңгерушісі, бөлім меңгерушісі, аудандық партиялық комиссия төрағасы, халықтық бақылау комитетінің төрағасы қызметтерін абыроймен атқарды.

Пленум, бюро мүшесі, аудандық депутат болып бірнеше мәрте сайланды. Еш уақытта аудан, облыс өміріне қатысты қоғамдық тапсырмалар атқарудан тыс қалып көрген жоқ. 1995 жылға дейін өндірістік кооперативте жұмыс атқарып, зейнеткерлікке шықты. Содан бері Арқалық қаласында тұрады.

Ағамыздың бойында сан түрлі өнер бар. Ол – домбырашы, баяншы, әнші, жыршы, сазгер, ән-жырдың сөзін өзі жазады, ағаштан ою оятын шеберлігі тағы бар. Мұның сыртында ол кісінің жазған жазу қолтаңбасы – жазуына еріксіз таң қаласың! Әріптерді құбылтып жазудың хас шебері. Партия бар кезінде партияға өткендердің 80 пайызының партбилеті Кәки ағаның қолымен жазылған. Мұның сыртында ағамыздың спортшылығы өз алдына. Спортқа деген құмарлығын мектептен бастаған ағамыз оны осы күнге дейін жалғастырып келеді. Қаладағы «Қайрат» спорт кешеніне жетісіне төрт рет барып жаттығулар жасайды. Арасында велосипед те теуіп қояды. Ағамыздың ерекше ден қойған спорт түрі – волейбол. Ол 60-70-жылдары, аудандық құраманың мүшесі ретінде, заманында облыстық деңгейдегі жарыстарға қатысып, команданың бірінші, екінші орындарға шығуына зор үлес қосқан. Ағамыздың сөзін де, әнін де өзі жазған «Алтын бесігім», «Мен бақытты қазақпын», «Елім менің», «Арқалық – Торғайымның», «Ардагерлер» әні сахнада бүгінге дейін орындалып келеді. Ағамыз өте қарапайым жан. Бірқалыптан ешуақытта өзгермейді. Сабырлы, салиқалы қашан көрсең де жылы жүзімен амандасып, кез келген кісіні өзіне іштартып жайыңды сұрап жатады.

Осы ғұмырының ішінде ағамыздың еліне, халқына жасаған қызметі Үкімет тарапынан лайықты бағаланды. «Еңбек Қызыл Ту» ордені бастаған, «Ерен еңбегі үшін» медалі қостаған 15 түрлі орден, медальдар омырауында жарқырағанда ағамыздың абыройы асқақтай түседі. Бірнеше дүркін облыстық байқаулардың лауреаты, дипломант, Арқалық қаласының «Құрметті азаматы» атанғаны тағы бар.

Ағамыз – ордалы отбасының Абыз басы. Жапырақтары жайқалған мәуелі бәйтерек.

*Әбілтаев Әбдіқадыр
зейнеткер*

Сазгердің ән-жырлары

Алтын ұя – бесігім

(Аманкелді ауданының 90 жылдық торқалы тойына ән шашу)

Сөзі мен әні Кәки Шәріпұлынікі

Кәки Шәріпұлы Ақан – Батпаққараның тумасы. Саналы ғұмырын сол туған жерінде өткізген. Отыз жылға жуық партия жұмысында басшы, жауапты қызметтер атқарған. Қазір Арқалық қаласында тұрады. Жасы 80-ге келгенше Арқалық қалалық ардагерлер кеңесін басқарды. Арқалық қаласының Құрметті азаматы, Республикалық ардагерлер ұйымының "Құрмет" төсбелгісінің иегері. Тыл еңбеккері.

Кәки Шәріпұлы бала кезінен өнерге жақын болды. Бірнеше байқауларға қатысып лауреат атанды. Облыстық меценаттар клубы сыйлығының лауреаты. Әнші, күйші, жыршы. Сонымен қатар, сөзін өзі жазып, ән де шығаратын қабілеті бар. Соның бір айғағы, 84-ке қадам басса да туған елінің торқалы тойына арнап "Алтын ұя бесігім" атты әнін жолдап отыр. Сонымен қатар, болашақ жастар үшін аудандық кітапханаға шетел және орыс классиктерінің шығармаларынан 100 кітап тапсырған.



Алтын ұя-бесігім

Аманкелді ауданының 90 жылдық тойына ән шашу

Сөзі мен әні Кәки Шәріпұлы

Батпаққара – кіндік қаным тамған жер,
Жалдаманы бойлай қонған қалың ел.
Шөбі шүйгін, суы балдай татыған,
Саған жетпес бұл әлемде ешбір жер.

Қайырмасы:


О, туған жер мен өзінді сүйемін,
Батыр туған, ақын туған киелім.
Қарыздармын мен өзіңе қашанда,
Құдыретіңе мен басымды иемін.

Өтті талай қилы заман басыңнан,
Елге қысым көрсетті жау басынған,
Қос батырым Аманкелді Кейкімен,
Мысын басып, кегін алған жауынан.

Қайырмасы:

Ұрпағың бар батырлардан үлгі алған,
Бейбіт күнде еңбекпенен шыңдалған.
Туған жердің асқақтатып мерейін,
Атақ-даңқын биіктерден асырған.

Жайнай берші қасиетті мекенім,
Әнге қосып, жырға қосып өтемін.



Құт-береке, бақ орнасын халқыма,
Аялаған алтын ұя бесігім.

Қайырмасы:

О, туған жер мен өзінді сүйемін,
Батыр туған, ақын туған киелім.
Қарыздармын мен өзіңе қашанда,
Құдыретіңе мен басымды иемін.

Мен бақытты қазақпын

Әні мен сөзі: Кәки Шәріпұлынікі

Отаным менің азат ел,
Бақ құсы қонған басына.
Ұлы далам, байтақ жер,
Қалдырған бабам артына.

қайырмасы:

Мен бақытты қазақпын,
Көрмеймін енді азап мұң.
Мәңгілік сақтап қаламын, }
Тұғырын азаттықтың. } 2 рет

Әлемге аян атым бар,
Қазақ деген халқым бар.
Терезем тең басқамен,
Ата Заңым,салтым бар.

қайырмасы:

Арманы асқақ елімнің,
Болашағын болжаған.
Ұл-қызым бар айбынды,
Отан шебін қорғаған.

қайырмасы:

Елім менің

Сөзі мен әні: Кәки Шәріпұлынікі

Туған ел саған шексіз махаббатым,
Тәңірім төксін мейірім, шапағатын.
Аңсаған тәуелсіздік бүгін қолда,
Әлемге асқақтасын қазақ атың.

қайырмасы:

Кең байтақ елім, киелі жерім,
Сен үшін жанын қиған ерлерім.
Ерліктің туын, бірліктің туын,
Көтерген көкке бабалар бұрын.

Желбіреп аспанымда көк байрағым,
Құлпырсын қызғалдақтай аймағым.
Достығы халқымыздың мекем болып,
Тыныштық бұзылмасын қаймағың.

қайырмасы:

Естелік суреттер



Кәки Шәріпұлы сахна төрінде.





«Қазына» ардагерлер шығармашылық көркемөнерпаздар ұжымының ұлт аспаптар ансамблі



Арқалық қаласының әкімі Балғарин Амантай Кәкімбекұлының Арқалық қаласының құрметті азаматы, Республикалық ардагерлер ұйымының құрметті ардагері Кәки Шәріпұлына Республикалық ардагерлер ұйымының құрылымына 30 жыл мерекелік медалін тапсыруда. Арқалық қаласы, 2017ж.

Кәки Ақан Шәріпұлына арнау өлеңдер

Кәкимолла ағаға

Әуелетіп ән салса,
Тебіренеді тыңдаған.
Шаршамайды қолында,
Тағылым жазар қыл қалам.
Ақылы дария ғұлама,
Жаныңда жүр ғой ұлы адам.
Күңіrentіп аят оқыса,
Бұхардан оқып келген дер.
Молдасыз оқып игерген,
Зор еңбекпен төгіп тер.
Өмірі мектеп білгенге,
Он қолдан өнер төгілген
Ағаштан ойып оюды,
Түйін түйген темірден.
Қарапайым мейлінше,
Шығармас сырын бекерге.
Ағамызды мақтауға,
Өлеңім, тілім жетер ме?
Сүйсініп қана жүрейін,
Мақтан тұтып сыртынан.
Аямас аға өнерін,
Өзі сүйген халқынан.

Темір Тілемісұлы

Кәки Ақанов

Өмір жалған, өткінші ойласаңыз,
Өнер – мәңгі, түсініп құндасаңыз.
Көп нәрсені үн-түнсіз ұғасыз сіз,
Кәкең тартқан күйлерді тыңдасаңыз.

Рахатқа бір сәтке жаның батар,
Қыз деміндей бойыңды дуылдатар.
Күмбірлеген қоңыр саз, қоңыр әуен,
Алпыс екі тамырды шымырлатар.

Құдіретіне еріксіз жүгіндірер,
Елжіретіп ішінді егілдірер.
Мұхитына сүңгітіп сағыныштың,
Мөлдір тамшы көзіңнен төгілдірер.

Күйшілердің талайын көрдім мен де,
Соның бәрін байқадың бәлкім сен де?!
Кей дарынның елеусіз...білмейміз-ау,
Ел ішінде жүргенін алтын көмбе.

Кәки аға – солардың, соның бірі,
Туған елі сыйынған кәміл пірі.
Ақын, сазгер, әрі актер, әрі әнші,
Санамадық барлығын қанша қыры.

Зор бақыт қой дер шақта еленсе өнер,
Бір кірпіш боп сәтімен қаланса егер.
Осы қазір Торғайдың топырағында,
Көргенім жоқ күйшіні одан шебер.

Өттең жастай танылмай елде қалған,
Сонда да өнер жүрегін жаулап алған.
Мыңдар жеткен мақсатқа, біреу
жетпес,
Өкіндіріп өтпей ме, дүние жалған.

Жетпісінді бүгінде алқымдады,
Ыстық жүрек баяғы салқындады.
Домбырасыз бірақ та отыра алмас,
Жөнін оның білмедім кім құндады.

Іліп түсер қиядан күй қыраны,
Кәки аға игерген мол мұраны,
Билетеді тербетіп жүрек қылын,
Сөйлетеді адамша домбыраны.

Оның күйін тыңдаған ойға қалар,
Екі көзі мөлдіреп жасқа толар.
Сыңғырлаған сұлу саз күмістейін,
Ерікке қоймай елітіп баурап алар.

Көрген адам өзгеше қабілетін,
Риза боп қарадай сүйінетін.
Кәки аға сырбаз да, талғампаз жан,
Жанмен ұққан өнердің құдіретін.

Хамитбек Мұсабаев
«Аманкелді арайы» газетінің редакторы

Кәкиге арналады жақсы тілек

Кешегі баян тартқан бала Кәки,
Болып тұр бүгін міне дара Кәки.
Жетпісін халқыменен думандатып,
Еңбекпен атанып жүр дана Кәки.

Жасыңды қайта есептеп сана Кәки,
Жас едің мен көргенде мана Кәки.
Қалайша бұл жетпіске келіп қалдың,
Есебін компьютерден қара Кәки.

Бұралған тал шыбықтай бала Кәки,
Өмірге келген жоқсың жаңа Кәки.
Жетпіс деп айтқаныңа сенейік те,
Қызықты көре бергін алда Кәки.

Әбілбек Ұзақов
мүсініші, ҚР суретшілер Одағының
мүшесі, «Құрмет» орденінің иегері

Кәки Шәріпұлының ақ баталары

Көпшілікке берілетін бата

Тілегіміз ақ болсын,
Көңіліміз шат болсын.
Осы отырған баршаңыздың,
Бастарыңа бақ қонсын.

Әулиелер оңдасын,
Қызыр баба қолдасын.
Қазақ деген халқымның
Басына құт-береке орнасын.

Байлығымыз құт болсын,
Бірлігіміз нық болсын.
Қазақ халқы көбейіп,
Қара орман жұрт болсын.

Көсегеміз көгерсін,
Керегеміз кеңейсін.
Төрткүл дүние төрінде,
Тереземіз теңелсін.

Көгімізде күн болсын,
Жерімізде нұр болсын.
Баршаңыздың басқан
Қадамдарыңыз гүл болсын.

Қарттарға бата

Түндерің тыныш болсын,
Үйлеріңе ырыс толсын.
Келіндерің есті болсын,
Ұлдарың сесті болсын.
Балаларың қуаныш әкелсін,
Немерелерің жұбаныш әкелсін.
Орындарың төр болсын,

Дастархандарың мол болсын.
Қатарларың көп болсын,
Уайым-қайғыларың жоқ болсын.
Жастардың қазасын көрмеңдер,
Зұлымдардың жаласын көрмеңдер.
Елінде бірлік болсын,
Жарасты тірлік болсын!
Әмин!

Құдаларға бата

Құда болдық мың жылдық,
Арада жүрсін тек шындық.
Жарастырып жасаған,
Көрсетпесін еш мұңдық.

Төске төсті тақастық,
Құйрық бауыр асастық.
Өтсін өмір көңілді,
Аулақ болсын қасастық.

Бақытты болсын балалар,
Қолдай көрсін бабалар.
Өрбісін деп тілеймін,
Балалардан даналар.
Аман-есен көп жаса,
Тәрбиелеп өсірген,
Қадірлі ата-аналар.

Мерзімді басылым беттерінде



Сексенде серілігін тастамаған...

Арқандық қыстапты әрдәтерлер ұйымының төрағасы Айдн Қажн Шырпылұлы өзінің табығы "Сөз қарғы бір сырт" болымының өзінің құрметіне бөленіп жүрген жән. Алдына барған адамды жатыспай жайғашуға қарсы алатын абдал маңыз бүгінде сексеннің сеніріне шығады ытыр.

Ками Шарифулы 1935 жылы 12 тамызда Қызылорда облысының Арал ауданы елді мекенінде дүниеге келген. Жасы ұлы жатқа талмай жатып кайтыс болды. Ауыры аяғы бір әуіртатыны, мойнында қалың да сиректегі өзінің жетістіктері қатары.

Төмөр жол ТЭЦ жамааты менчиктеш-
тирүүдөн өткөзбөй калды. Ал-
дымга менчиктеги аял катары жана
жыл, адамдын маңдайы үйүнө
көрүндөк жетпейт, адамдын
өткөзбөй калгандыгы башка жер-
терден башка, өлкө, жаман
татыган аял-баш. ТЭЦ жама-
тында, көргөн кыймыл-аракет, күрөш
жана башка иштер менчиктеш-
тирүү кыймылына тереңи
калкыттырып аткады. Адамдын
калкыган, бекетин аманатты
тереңи парализациялаа жана жети-
шпек даярдыгына өткөздү.

Башка да бир катар жетпейт.
СОКК аркылуу, көзгөткөч, жа-
нындагы Жогорку партия менчикте
бөлгөн. Жогорку көзгөткөчтө
жамааттагы саясат бар.

Тегинде да саясий калкыган. Тиз-
мек, Казанга Түзүлгөн жана башка
жыл, адамдын, партия-терден жерден

Жастайынан өмір деген жанын тусына жасаған дәнеңбін ұстады. Мектеп алдыаралында көрмен-көрмендер ұйырындағы жерден білім жүйесіне кіріп жүрді. Ақпарат, ресурстарымен, байланыстарымен жүздеген атақты Ақпараттық Мәдениет ұйымы жанынан құрылды.

[illegible]

1992 жылы Шортан қаласындағы "Төтенбайұлы, дөңбейұлы" және "Шортан байбұлауы" бағыныста қаласыда Ақын (сұрып) 130 жасдан, мерзімділігіне сәйкес ұйымдастырылған "Ақын әндерін орындаушылардың байбұлауы" өрнегіне кіретін түрті.

Ақын Ақын (1992 жылдан 2002 жылдан) қаласындағы "Төтенбайұлы, дөңбейұлы" және "Шортан байбұлауы" бағыныста қаласыда Ақын (сұрып) 130 жасдан, мерзімділігіне сәйкес ұйымдастырылған "Ақын әндерін орындаушылардың байбұлауы" өрнегіне кіретін түрті.

[illegible]

Қырымда қызықты оқиғалар болды. Ардагер мұсылман Шаббат Уақыр **«Қырым»** орталығымен байланыста. Біраз уақыт қалада бекетшілер қымызгер ақсабалар Сакин Құсайынов, Әзізбек Жамбылов, әріптесі, маңаймен тасаларына сүйеніп ұлы Ардагер Төмен Кіребата, **«Айыт Ақжол»** деп жиналып отыр тұтып. Абайдың **«Төкенді»** поэмасын, **«Қырым мен Мұса»** халық дастанын, **«Файылы Сатыбалды»** дастанын, **«Төкенді»** **«Тұхайы»** жинағын, **«Мұрған Алаш»** бекетшілер, ақсабалар Орманбай, Шал жандардың жинағын оқып, бірі бірімен біріге жеткен оқиғаларды

[illegible]

Қызыл жұлдыз орденімен марапатталған. 2014 жылғы 10 қыркүйекте Қызыл жұлдыз орденімен марапатталған. 2015 жылғы 10 қыркүйекте Қызыл жұлдыз орденімен марапатталған. 2015 жылғы 10 қыркүйекте Қызыл жұлдыз орденімен марапатталған.

[illegible]

Дарыя де дарыяларым мана урматим,
Пондиз де парамышым тоомактыган,
Темир тагымар манагым,
Жуулам, жуулам сарым

Жуулам, жуулам сарым
Жуулам, жуулам сарым

Мурас ЖУУНУСТА



сен қашығының жетекшілігімен, қолына домбыра алып, құй тартуды үйреніп, он екі жастан мектептің халық аспаптар оркестріне мүше болады және бірнеше рет аудандық, облыстық, республикалық байқаулардың

Амангелді ауданы мектебінің волейбол, судан жүзу, кросс, коньки тебу үйірмелерінің үздігі болған. Аталмаш спорт түрлерінен түрлі жарыстарда олжақты оранып, ауданның мақтанышына айналған. Көкі Ақан жастайынан көш-

басын болып, әр дүниеге
жаңымен берілген азамат
болған. 1953 жылы мектепті
бітіре сала еңбекке ерте
араласып, әр дайым алдыңғы
шепте жүрген азамат.
Дәлелі - еңбек жолын алғаш

Билимдеринен сусуңдаткан
Амангелди аудандык ме-
кебейсе пионер үйүмүндө
жашаган кызымдын аялы
болуп калып, уямын кызым-
гем, 1956 жылы аудандык
комсомол комитетинин билим
мендерчилиги болуп өңбек
төжөрсүн жазгастырды.
Кызы Шорпулду басмалык
кызматтын бирге өңөрдү
уянып алып жүргөн жан. 1956
жылы Костанай облусунда
жашаган кызымдын аялы
болуп калып, уямын кызым-
гем, 1957 жылы
Амангелди аудандык ком-
сомол комитетинин сектор
мендерчилиги болду. Билим

Аудандық экономикалық, шаруашылық, мәдени жұмыстарының іштері

басымына үлес қосты. Оның адал еңбегін халық та, үкімет те жоғары бағалады. Еңбек жолын ерте бастаған Кәкім Шәріпұлы қай істе болса да тиынақтылығымен, ең бастысы, жан – жақты өнерлерімен, еңбек жолымен

Онерді еңнелей жүріп,
Аманатты аудандық мә-
дениетті үйі жанынан ұй-
ымдасқан драма үйірмесінің
жетекшісі болып, бірнеше
рольдерді «Ақан – сері –
Ақтоқтыда» мылқау палуан-
ды, «Қоны Көрнеш – Байы
сұтуда» Жаркынды сомдады.

құндылық мәдениеті үшін
қаныған құрылған драма
жүймесінің мүшесі ретінде
бірнеше пьесаларда басты
рольдерде ойнап, 1960 жылы
драма ұжымының «Халық
сағаты» атағын алуда үлес
қосқан. 1962 жылы аулан-

[illegible]

бұрынғы облысындағы халық депутаттарының Амангелді аудандық Советінің депутаты, 1988 жылға дейін аудандық партия комитетінің секретарьы, бюро мүшесі болып сайланған. К.Шарипұлы

Көкше елінде де біршама
ақыт ұлттық дәстүр мен
нәрімізді өркендетіп, ісіне
жүнік із қалдырды. 1988
жылы бұрынғы Көкше-
ау облысының Шортан
(Шұңғ) ауданына қоныс
тапты. Онда барған соң

ол жердің адамдарымен
ірісін, «Өрік» коопера-
циясын ашып, орыстанып
еткен сол төңіректің де-
малыс орындарын тиінер
агерлерінің кеңіңарла-
ғы Маденіет ошақтарын
елттік өрікпен әрлеу
жұмысын айналысады.

үмбiрлeтeн күймeн, қoңыр
дeнмeн жeкe сaхнaғa
ығып, Бiркaн сaд, Aкaн
epi, Үкiлi Мoырaй, Aбaй, Mә-
н. Eстaйым тaулызaрaм.

Ән - күйін аудандық, облыстық, республикалық байырқауларда тамашалап, Мәскеу, Бұданғи қалаларында өткен конкурстарда жеңіп, 1995 жылы «Бейнекерлік» шықса да, Арқа-қалалық балалар ауруханасы бас дәрігерінің тарапынан қызығушылық танытпаса, олардың 2000 жылы қала-қалалық конкурстарда жеңіп, республикалық ұсынылып

тінің күнге дейін адал
бек етуде. К.Шарипұлы
мысында белсенділік та-
тып, және қалалық арда-
гер кеңесінің жанынан
«Ардагерлер»
бына жетекшілік етіп,

наматасымен, 2001 жылы
Азқарстан Республикасы
уелсіздігінің 10 жылдығы
арналын «Менің туған
кем» дипломымен, 2003
жылы «Қаланың қоғамдық
ажын өміріне белсене ара-
ласқа жүйе Қолданыс Бе-

«Құрмет грамотасымен» Тауелсіздік күні» үшін Құрмет грамотасымен, 2007 жылы «Белсенді қоғамдық қызметі үшін» Құрмет грамотасымен, 2010 жылы « Ардагерлерді әлеметтік жағынан қорғау» анысырысын үлгілі орындап, қоғам ісіне белсене


«Аласканы үшін» Күрмет грамотасымен, 2004 жылды азақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Алыс хатымен, 2004 жылғы Қостанай облысының кіші Ө.Шокеентің Алыс хатымен, 2005 жылдың 1. Мамыр

2006 жылы Мейш азымның Алғыс хатымен, 2009 жылы «Нұр Отан» ХДП жастар облыстық филиалының Алғыс хатымен, 2011 жылы «Нұр Отан» ХДП Арқа-лық қалалық филиалының Алғыс хаттарымен мара-затталған. (2011 жылға дей-ті мамметтері бойынша) Әкеі Ақан Шәріпұлының үстінде балалары еркешті, әйеліме шөбере сүйін оты-рып бақытты ата. Сонымен бірге мұрағатта өткізілетін «Алтын балалар мен Ұлы отан» жымын өміріміз және ұлттардың өткізілетін кеңесулері белгісіне атсалы-

М. БОПННА,
Арқалық аймақтық
мемлекеттік
мұрағатының
жетекшісі

Арқалық хабары. 7 тамыз. 2015 ж. Арқалық хабары. 11 қыркүйек. 2015 ж.



[illegible][illegible][illegible][illegible][illegible]

Замандастар пікірі

Кәки Шәріпұлы халқымыздың жыршылық, термешілік өнерін де жанына серік еткен. Абайдың «Ескендір» поэмасын, «Қызыр мен Мұса» халық дастанын, Файзолла Сатыбалдыұлының «Тоқымбет – Гүләйім» хикаятын, Нұрхан Ахметбекұлының, атақты Орынбай, Шал ақындардың шығармаларын шырқау биігіне жеткізе орындайды.




Қалалық ардагерлер ұйымының жанынан құрылған «Қазына» шығармашылық көркемөнерпаздар үйірмесінің жұмысы ел аузында. Бұл үйірме Кәки Шәріпұлының бастауымен 2000 жылы құрылып, күні бүгінге дейін халыққа қалтқысыз қызмет көрсетіп келеді. Кәки ағаның күйшілік, әншілік, жыршылығымен қоса сазгерлік қасиеті де бар. Өзі сөзін де, әнін де жазған «Менің елім!», «Қаһарман ерлерім!», «Ардагерлер әні», «Арқалық – астанасы Торғайымның» тәрізді әндері облыстық байқауларда алдыңғы орындарға ие болып, лауреат атанып жүр.

Мұрат Жүніс

Ел азаматтары осылайша ой-пірлерін білдіріп, Кәки Ақан атамыздың сан қырын сөз еткен болатын. Ия, «қарияң қайсы?» десе, мақтанышпен көрсететін асыл қартымыздың бірегейі Кәки Шәріпұлы екені анық. Жалынды жастық шағын, күш-қуатын, ерік-жігерін өңіріміздің дамуына арнап, қызмет етті. Жасы ұлғайып, зейнетке шыққан соң да өнерімізді насихаттап, ұрпақтың тәлім-тәрбиесіне араласып, қариялардың өмір жолын, мол тәжірибесін осы салаға бағыттап, жұмыс жасады. Жасы сексеннен асып, тоқсанға тақаған уақытта да ауқымды қоғамдық шараларға да атсалысып, елге өзі жазған ақ батасын беріп, халықтың ыстық ықыласына бөленіп жүрді. Олай болса, Кәки Шәріпұлының елі үшін жасаған еңбегі ешқашан ұмытылмайды деп білеміз. Жаныңыз пейіште шалқысын!

Дархан Амантайұлы

Баспа беттерінде





**Ақпараттық-библио-
графиялық қамтамасыз
ету бөліміндегі сазгер
Кәки Ақан жайлы
жинақталған деректер
папкасы.**




**Қоғам қайраткерінің
85 жас мерейтойына
орай шыққан
библиографиялық
жаднама**

Мазмұны

1.Құрастырушыдан.....	3
2.Азамат аға.....	4-5
3.Сазгердің ән-жырлары.....	6-8
4.Естелік суреттер.....	9-10
5.Кәки Ақан Шәріпұлына арнау өлеңдер.....	11-12
6.Кәки Шәріпұлының ақ баталары.....	13-14
7.Мерзімді басылым беттерінде.....	15-16
8.Замандастар пікірі.....	17
9.Баспа беттерінде.....	18
10.Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөліміндегі сазгер Кәки Ақан жайлы жинақталған деректер папкасы мен библиографиялық жаднама.....	19

Шығ. жауапты: Ж.К. Абжанова
Құрастырушы: М.Г.Жумағалиева
Редакторы: С.А.Алматова

Басуға 22.08.2025 ж. қол қойылды.
Қаріп түрі: Times New Roman.
Басылымның көлемі: 6
Таралымы: 3 дана.

The background of the entire page is a golden-yellow color with a pattern of musical staves and notes. On the left side, three staves are prominently featured, curving upwards from the bottom left towards the top right. These staves contain various musical notes, including eighth and sixteenth notes, as well as rests. The rest of the page is filled with a lighter, more sparse pattern of musical notes and staves, creating a textured, musical atmosphere.

**Арқалық қаласындағы
облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ**

110300, Қостанай облысы, Арқалық қаласы.

Абай көшесі, 62. Тел. (факс) 7-09-16.

Е – mail:arkounb@mail.ru